



"Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің интеграцияланған валюталық рыногын ұйымдастыру саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 шілдедегі N 715 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің интеграцияланған валюталық рыногын ұйымдастыру саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан	Республикасының	Заңы
Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше интеграцияланған валюталық рыногын ұйымдастыру саласындағы ынтымақтастығы туралы ратификациялау туралы	қоғамдастығына мүше мемлекеттердің валюталық рыногын ұйымдастыру саласындағы ынтымақтастығы туралы	келісімді

2006 жылғы 25 қаңтарда Санкт-Петербург қаласында жасалған Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің интеграцияланған валюталық рыногын ұйымдастыру саласындағы ынтымақтастығы туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше интеграцияланған валюта нарығын ұйымдастыру саласындағы ынтымақтастығы туралы	қоғамдастығына мүше мемлекеттердің валюта нарығын ұйымдастыру саласындағы	келісім
---	--	----------------

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттер,

Аймақтық валюталық интеграцияны одан әрі дамыту негізі ретінде өзара сыртқы экономикалық байланыстарға қызмет көрсету үшін Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің (бұдан әрі - ЕурАзЭК) ұлттық валюталарын пайдалану аясын кеңейту және ауқымын ұлғайту мақсатында,

2000 жылғы 10 қазандағы Еуразия экономикалық қоғамдастығын құру туралы шартты басшылыққа ала отырып,

сыртқы сауда және қаржылық қызмет көрсету саласында төлемдерді жүзеге асыру кезінде ұлттық валюталардың пайдалану үлесін ұлғайту, Еуразия экономикалық ынтымақтастығына мүше мемлекеттердің валюталарын өзара конвертациялаудың тиімді механизмін жасау үшін валютаны интеграциялаудың неғұрлым жетілдірілген нысаны ретінде ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің валюталық одағын құру бағытындағы бірлескен іс-қимылдардың маңыздылығын тани отырып,

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің әрқайсысының экономикалық ерекшеліктерін ескерумен тепе-теңдік және өзара тиімділік қағидаттарын негізге ала отырып, ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің өзара сауда және инвестициялық ынтымақтастығын нығайтудағы, олардың шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды дамытуды ынталандырудағы мүдделілік білдіре

о т ы р ы п ,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаты үшін пайдаланылатын ұғымдар:

"банк" - осы Келісім Тарапының құзыретті органының арнайы рұқсаты негізінде (лицензиясы немесе өзге негіз) оның ұлттық заңнамасында көзделген банк операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға;

"интеграцияланған валюта нарығы" - Тараптардың жұмыс істеудің және мемлекеттік реттеудің жалпы қағидаттарымен біріктірілген ішкі валюта нарықтарының жиынтығы ;

"құзыретті орган" - Тараптардың ұлттық заңнамаға сәйкес валюталық реттеуді және банктік қадағалауды жүзеге асыратын орталық (ұлттық) банктері және басқа да мемлекеттік органдары ;

"банкаралық конверсиялық операциялар" - биржалық және (немесе) биржадан тыс нарықтарында банктер арасында жүзеге асырылатын шетел валютасын сатып алу-сату мәмілелері.

2-бап

Әрбір Тарап өзі құрылған мемлекеттік заңнамасына сәйкес Тараптардың валюта операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар резидент банктерін қолайлылығы осы Тараптың коммерциялық резидент банктеріне берілген құқықтық режимнен кем емес құқықтық режим жағдайында банкаралық конверсиялық операцияларды жүргізу үшін өзінің ұлттық валюта нарығына рұқсатпен қамтамасыз етеді.

3-бап

Тараптардың құзыретті органдарының осы Келісімді жүзеге асыру бойынша іс-қимылдарын үйлестіру 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразия экономикалық қоғамдастығын құру туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктері Басшыларының кеңесіне жүктеледі.

Банкаралық конверсиялық операциялар жасаған кезде тең бәсекелестік шарттарды

қамтамасыз ету мақсатында, ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасының ережелеріне және қалыптасқан халықаралық практикаға негізделген, интеграцияланған валюта нарығының қатысушыларына қойылатын талаптарды келісу Кеңес шеңберінде жүзеге асырылады.

4-бап

Осы Келісім Тараптардың өздері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттар бойынша құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

5-бап

Осы Келісімді түсінуге және орындауға байланысты даулы мәселелер мүдделі Тараптардың консультациялары және келіссөздері арқылы шешіледі. Келісімге келмеген жағдайда, дау Қоғамдастық Сотының қарауына беріледі.

6-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін ЕурАзЭҚ-қа мүше болып қабылданған кез келген мемлекеттің оған қосылуына жол ашық. Осы Келісімге қосылу туралы құжаттар депозитарийге сақтауға өткізіледі.

Осы Келісім қосылған мемлекеттерге қатысты депозитарий қосылу туралы құжатты алған күннен бастап күшіне енеді.

7-бап

Тараптардың уағдаластығы бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болады, олар тиісті хаттамалармен ресімделеді.

8-бап

Әрбір Тарап осы Келісімнен шығуды болжап отырған күннен 6 айдан кешіктірмей депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Келісімнен шыға алды.

9-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетаралық рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарийге сақтауға өткізген күнінен бастап күшіне енеді.

2006 жылғы 25 қаңтарда Санкт-Петербургте орыс тілінде бір түпнұсқалық данада ж а с а л д ы .

Осы Келісімнің түпнұсқалық данасы депозитарийде сақталады, ол әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

	<i>Беларусь</i>		<i>Қазақстан</i>
	<i>Республикасы</i>		<i>Республикасы</i>
<i>үшін</i>	<i>үшін</i>		
	<i>Қырғызстан</i>	<i>Ресей</i>	<i>Тәжікстан</i>
	<i>Республикасы</i>	<i>Федерациясы</i>	<i>Республикасы</i>
<i>үшін</i>	<i>үшін</i>	<i>үшін</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК